

## БЕКІТЕМІН

«Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасы» КММ

«Облыстық фтизиопульмонология  
орталығы» ШЖҚ КМК директоры

К.Б. Бижанов

## «ОБЛЫСТЫҚ ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ КМК СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

### 1. Жалпы ережелер

1. «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі – сәйкесінше Нұсқаулық, кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық бағытындағы іс-қимылдарға не жататынын айқындайды, сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған кезде Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең аз қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қарастырылмауы тиіс.

### 2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

3. Осы Нұсқаулықта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Пара** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүліктер, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда.

2) **Лауазымды тұлға** – Кәсіпорын қызметкері, кәсіпорынның Бақылау кеңесінің мүшесі;

3) **Коммерциялық пара беру** - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған өзінің қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ пара беруді жүзеге асыратын адамның мүддесі үшін қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол бергені үшін мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

4) **Мүдделер қақтығысы** – лауазымды адамдардың / қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы

қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

5) **Сыбайлас жемқорлық** – кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өздері не үшінші тұлғалар үшін алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

6) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** –кәсіпорынның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі;

7) **Қызметкер** – Кәсіпорынмен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық пара берудің ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық ережелері бойынша ұсыныстар**

4. Қызметке жүгінген азаматтар, Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау үшін:

1) келушілер жайғасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфельдер, сөмкелер және т. б.) қараусыз қалдырмау;

2) келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттар арасында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес іс-қимыл жасамай, басшылыққа дереу баяндау.

5. Лауазымды тұлғаға, Кәсіпорын қызметкеріне пара ұсынған кезде:

1) пара алуды және/немесе коммерциялық пара беруді қабылдауға дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсіндірілуі мүмкін асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өзін өте мұқият, сақ, сыпайы ұстау;

2) Сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, есте сақтау (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, пара беру мерзімі мен тәсілдері, коммерциялық пара беру түрі, мәселелерді шешудің реттілігі);

3) келесі әңгімеге дейін пара беру және/немесе коммерциялық пара беру уақыты мен орны туралы мәселені шешуге тырысу және келесі кездесу үшін сізге жақсы таныс орынды ұсыну;

4) әңгімелесуде бастаманы өз қолына алмау, көбірек «кездесуге жұмыс жасау», Сізге мүмкіндігінше көп ақпарат алу үшін сұхбаттасушыға «сөйлеуге» мүмкіндік беру;

5) егер Сіз пара беруге немесе коммерциялық пара беруге келіссеңіз мәселеңізді шешудің кепілдіктері туралы сұрау;

6) егер сізде диктофон болса, пара және/немесе коммерциялық пара беру туралы ұсынысты (жасырын) жазуға тырысу;

7) осы факті туралы жоғары тұрған басшылыққа қызметтік жазба түрінде баяндау;

8) +77769842706 телефоны бойынша Комплаенс-қызметке жазбаша немесе ауызша хабарласу;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424Call орталыққа дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарласу.

6. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы туындаған кезде:

1) кез келген мүмкін болатын мүдделер қақтығысына мұқият болу;

2) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;

3) мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, Сіз бұл туралы білген бойда, тікелей басшыңызға жазбаша түрде хабарлау;

4) тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мүдделер қақтығысын еңсеру жөнінде шаралар қабылдау;

5) мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуға дейін өзгерту;

6) қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу бойынша комиссия құру.

#### **4. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдаудағы әрекеттері**

7. Өз қалауыңыз бойынша Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгіне аласыз.

8. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық туралы хабарлау түрлерінің бірі анонимді өтініш болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші анонимділікке байланысты жауап ала алмайды, ал қылмыс туралы анонимді өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

9. Параны бопсалау жағдайында Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабарласып, Сізден пара алу немесе коммерциялық пара беру фактісі туралы арыз жазуыңыз қажет, онда нақты көрсету керек:

1) лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) Сізден пара талап етті немесе коммерциялық құрылымдардың қайсысы сізді пара алуға итермеледі;

2) бопсаланатын параның (пара берудің) сомасы қанша және сипаты қандай;

3) қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін Сізден пара бопсалады немесе коммерциялық пара жасалды;

4) қай уақытта, қай жерде және қалай тікелей пара беру немесе коммерциялық пара беру жүзеге асырылуы керек.

10. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары және сыбайлас жемқорлық сипатындағы белгілері бар жағдайлар анықталған және/немесе оларға тап болған кезде қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар компанияның Комплаенс-қызметін: +77769842706 телефоны бойынша хабардар ету жөнінде шаралар қабылдауы тиіс;

11. Кәсіпорын қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін атқарған кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық пара беру және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған лауазымды тұлға, қызметкер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ынталандыру ақысы беріледі.

12. Кәсіпорын қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін атқарған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық пара беруге және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдем көрсететін лауазымды тұлға, қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

## **5. Қорытынды ережелер**

13. Осы Нұсқаулық кәсіпорынның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

14. Осы Нұсқаулық Кәсіпорынның Бақылау Кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

15. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар оны кәсіпорынның Бақылау Кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.